

**«8D11101 – Туризм» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Пазылхайыр Бауыржан Мейрамбекұлының «Жаңа дестинациялар мысалында Қазақстан Республикасы туризмінің экологиялық менеджментінің ғылыми негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

**РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 <u>Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</u></p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасында туризм саласын дамытудың мемлекеттік саясатындағы басым бағыттармен өзара үйлеседі. Б.М. Пазылхайырдың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағытына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысымен бекітілген) сай келеді. Жұмыста көтерілген мәселелер туризмді тұрақты дамыту, табиғи ресурстарды сақтау және оларды ұтымды пайдалану қағидаларын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> / қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> / ашылмаған.</p>	<p>Экологиялық менеджменттің теориялық және әдістемелік негіздері жүйеленген. Қазақстандағы туризмнің экологиялық менеджмент жүйесінің қазіргі жағдайы бағаланып, жаңа туристік дестинацияларды экожүйелік тұрғыдан бағалау моделі жасалған. Сонымен қатар туризм</p>

			саласында экологиялық менеджменті енгізудің ұлттық және трансшекаралық модельдері әзірленіп, ғылыми тұрғыда негізделіп, ұсынылған.
.3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланады. Зерттеу нәтижелері Scopus базасына тиесілі журналдарда (2 мақала), ЖБССҚЕК тізбегіндегі басылымдарда (6 мақала) жарияланған. Сонымен қатар, докторантпен диссертациялық тақырып шеңберінде халықаралық конференцияларда 4 рет баяндама жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің тақырыбы Қазақстан Республикасындағы туризм саласын дамытудың қазіргі жағдайлары үшін өзекті болып табылады. Зерттеу экологиялық менеджментті жаңа қырынан сипаттап, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және өңірлік экономиканы әртараптандырудың маңызды тетігі ретінде негіздеуде. Диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен модельдер Қазақстан Республикасының тұрақты даму басымдықтарына сәйкес келіп, туризм саласында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және жаңа туристік дестинацияларды тиімді басқаруға ғылыми негіз бола алады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <b>1) айқындайды;</b> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Жұмыс мазмұны диссертация тақырыбының мәнін толық қамтып, қойылған мақсат пен міндеттерге сай орындалған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) сәйкес келеді;</b>	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және олар өзара байланыста жүйелі түрде орындалған.

		<p>2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: <b>1) толық байланысқан;</b> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс құрылымы логикалық тұрғыда бір-бірімен байланысқан және рет-ретімен жалғасқан: кіріспе, 3 бөлім (тарау), қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалардан тұрады. Мазмұны әрбір бөлім атауымен толықтай сәйкес келеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <b>1) сыни талдау бар;</b> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа қағидаттар мен әдістерге сыни талдау жасалған, олар отандық және шетелдік ғылыми еңбектермен салыстырылып, ғылыми тұрғыда негізделген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) <b>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Жұмыстың ғылыми жаңалығы төрт негізгі нәтижеден тұрады: 1 нәтиже – «туризмнің экологиялық менеджменті» ұғымы жаңа ғылыми түсінік ретінде нақтыланып, оның мазмұны табиғи ортаны сақтау, рекреациялық сыйымдылықты реттеу, жергілікті қоғамдастықтарды қатыстыру және мемлекеттік басқару тетіктерін үйлестіру қағидаттары арқылы теориялық тұрғыда негізделген. <b>Бұл нәтиже ішінара жаңа.</b> 2 нәтиже – Қазақстан Республикасында туризмнің экологиялық менеджменті жүйесінің қалыптасуына кешенді бағалау жасалып, мемлекеттік, өңірлік және жергілікті деңгейлердегі институционалдық.</p>

			<p>инфрақұрылымдық және ұйымдастырушылық кедергілер мен мүмкіндіктердің таралу заңдылықтары жүйеленген. <b>Нәтиже толығымен жаңа.</b></p> <p>3 нәтиже – жаңа туристік дестинациялар мысалында туризмнің экологиялық менеджментің көпдеңгейлі енгізу моделі жасалып, осының негізінде жергілікті қауымдастықтарды, бизнес құрылымдарын және мемлекеттік басқару институттарын біріктіретін интеграциялық басқару контуры ұсынылған. <b>Нәтиже толығымен жаңа.</b></p> <p>4 нәтиже – трансшекаралық аумақтар үшін алғаш рет экологиялық менеджментті үйлестіру механизмі негізделіп, ортақ табиғи ресурстарды пайдалану, экотуризм маршрутын басқару және аймақаралық ынтымақтастықты күшейту бағыттары ғылыми түрде дәлелденген. <b>Нәтиже толығымен жаңа.</b></p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <b>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b></p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары <b>ішінара жаңа</b> болып саналады. Зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар туризмнің экологиялық менеджментін жаңа туристік дестинациялар жағдайында іске асырудың ғылыми негіздерін толықтырып, бұрын жүргізілген зерттеулерде қарастырылмаған басқару тәсілдерін ұсынады. Қорытындылар эмпирикалық деректерге, сапалық және сандық зерттеу нәтижелеріне негізделіп, Қазақстан Республикасының туризм саласының ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда негізделген. Докторант туризмнің экологиялық менеджментін іске асыруға арналған көпдеңгейлі басқару моделін әзірлеп, оны жаңа туристік дестинациялар жағдайына бейімдеген. Ұсынылған шешімдер экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, мемлекеттік органдар мен жергілікті қауымдастықтардың өзара іс-қимылын күшейтуге бағытталған. Бұл шешімдердің тиімділігі ғылыми әдебиеттермен, халықаралық тәжірибемен және жүргізілген зерттеу нәтижелерімен дәлелденген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> / негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертация нәтижелері ғылыми және қолданбалы деңгейде дәйектеліп, жүргізілген теориялық талдау, эмпирикалық зерттеулер, сапалық (qualitative research) және сандық әдістер, соның ішінде сауалнама, салыстырмалы және статистикалық талдаулар арқылы сенімді <b>негізделген</b>.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді;  5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;  2) <b>жоқ;</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыста 4 негізгі ғылыми тұжырым қорғауға ұсынылған және олар бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап берілді.</p> <p><b>1 тұжырым.</b></p> <p>«Туризмнің экологиялық менеджменті ұғымы ғылыми негізделе отырып, табиғи ортаны сақтау, рекреациялық сыйымдылықты тиімді реттеу, жергілікті қоғамның қатысуын қамтамасыз ету және мемлекеттік басқару тетіктерін үйлестіруді</p>

		<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>біріктіретін кешенді теориялық-әдіснамалық жүйе ретінде ұсынылды».</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? – дәлелденді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? – жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа ма? – иә.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: – кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? – иә.</p> <p><b>2 тұжырым.</b></p> <p>«Қазақстан Республикасында туризмнің экологиялық менеджмент жүйесінің қалыптасуына жасалған кешенді бағалау нәтижесінде оның тиімділігіне әсер ететін институционалдық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік факторлардың таралу заңдылықтары анықталды».</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? – дәлелденді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? – жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа ма? – иә.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: – кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? – иә.</p> <p><b>3 тұжырым.</b></p> <p>«Қазақстанда жаңа туристік дестинацияларды анықтаудың бағалау әдістемесі жасалып, сол</p>
--	--	--	--

			<p>арқылы пилоттық дестинацияларды іріктеу жүргізілді».</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? – дәлелденді.  7.2 Тривиалды ма? – жоқ.  7.3 Жаңа ма? – иә.  7.4 Қолдану деңгейі: – кең.  7.5 Мақалада дәлелденген бе? – иә.</p> <p><b>4 тұжырым.</b></p> <p>«Жаңа туристік дестинациялар мысалында туризмнің экологиялық менеджментін енгізудің көпдеңгейлі моделі ұсынылды».</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? – дәлелденді.  7.2 Тривиалды ма? – жоқ.  7.3 Жаңа ма? – иә.  7.4 Қолдану деңгейі: – кең.  7.5 Мақалада дәлелденген бе? – иә.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:  1) <b>ия;</b>  2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:  1) <b>ия;</b>  2) жоқ.</p>	<p>Иә, әдіснаманы таңдау негізделген, әдіснама нақты жазылған.</p> <p>Иә. Диссертациялық жұмыс нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми әдістерді қолдану, эмпирикалық деректерді жинау (сауалнама, сұхбат), сондай-ақ оларды статистикалық өңдеу және салыстырмалы талдау арқылы алынған.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Диссертациялық жұмыста теориялық қорытындылар мен ұсынылған модельдер эмпирикалық зерттеулер нәтижелерімен (сапалық және сандық талдау), соның ішінде сауалнама деректері, сараптамалық бағалау және статистикалық өңдеу арқылы дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b>.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> / жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер саны – 128. Әдебиеттер тізімде зерттеу тақырыбына сай отандық, ТМД елдері және шетелдік авторлардың еңбектері келтірілген.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p><b>1) бар;</b> 2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жоқ.</p>	<p>Ия, диссертацияның теориялық маңызы бар.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін жаңа туристік дестинацияларды жоспарлау және дамыту, табиғи туристік аумақтарды басқару, экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіру, сондай-ақ мемлекеттік және оңірлік деңгейде шешім қабылдау үдерістерінде қолдануға болады. Ұсынылған модельдер мен бағалау әдістемелері</p>

			экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және туризм саласында басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу барысында ұсынылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа сипатқа ие. Ұсынылған экологиялық менеджменттің көпдеңгейлі модельдері, жаңа туристік дестинацияларды экологиялық тұрғыдан бағалау әдістемелері және жергілікті қауымдастықтардың қатысуына негізделген басқару тетіктері диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығын нақты дәлелдейді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Жұмыс ғылыми стильде сауатты жазылған, құрылымы жүйелі түрде ұйымдастырылған. Барлық сілтемелер мен рәсімдеу элементтері академиялық талаптарға сай орындалған, диссертация дербес аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыста теориялық тұжырымдар мен алынған нәтижелердің өзара байланысы кейбір бөлімдерде жеткілікті нақтыланбаған. Бөлімдер арасындағы логикалық сабақтастықты күшейту жұмыстың мазмұнын айқындай түсер еді. Жалпы алғанда, бұл ескертулер жұмыстың ғылыми деңгейін төмендетпейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары. Зерттеу нәтижелері бойынша Scopus базасына енетін журналдарда жарияланған мақалалар, сондай-ақ халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылған баяндамалар диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұнымен тікелей байланысты. Жарияланған ғылыми еңбектерде туризмнің экологиялық менеджменті, жана туристік дестинацияларды басқару және экологиялық тұрақтылық мәселелері жан-жақты ашылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Пазылхайыр Бауыржан Мейрамбекұлына «8D11101 – Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

**1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

**Ресми рецензент:**

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті  
экономика және туризм жоғары мектебі  
туризм кафедрасының аға оқытушысы, PhD**




**Муканов Айдар Хамзеевич**